

# Қазақстан Республикасында коронавируспен күресу бойынша ЕО жаһандық шаралары

## COVID-19 індетінің жайылуына жедел жауап шараларын қамтамасыз ету, денсаулық сақтау жүйесінің ұзақ мерзімді тұрақтылығын арттыру



**ЕО Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттеріндегі COVID-19 індетімен байланысты өзекті қажеттіліктерді шешу әрі болашақта халық денсаулығына осындай қауіп төндіретін жағдай туындайтын болса, мемлекеттің оған жауап беру әлеуетін нығайту мақсатында 3 млн евро қаражат тартты.**



"COVID-19 Орталық Азия мемлекеттерінде: дағдарысқа жауап беру шаралары" (CACCR) атты ортақ көмек көрсету пакетінің аясында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына **3 млн. евро (1.4 млрд теңге)** көлемінде қаражат бөлінді. Бұл қаражат вируспен күресуде Қазақстанға қолдау көрсету және халықтың осал топтарының қажеттіліктерін қамтамасыз етудегі денсаулық сақтау жүйесінің кемшіліктерін тиімді шешу ісіне жұмсалады.



CACCR бағдарламасының аясында **400 000 жеке қорғаныс құралдары мен COVID-19 диагностикасына арналған 1 000 тест-системалары қамтамасыз етіледі.** Қазақстанда CACCR бағдарламасын іске асыру барысында шамамен **2 000 000 ПЦР-тестін өткізу көзделуде.** **Қазақстанның 10 ауруханасының** жұқпалы аурулардың алдын алу және бақылау (IPCR) талаптарына сәйкестігі бағаланады.



CACCR бағдарламасы аясында **5000 медициналық қызметкерге** жұқпалы аурулардың алдын алу және бақылау бойынша талаптарды орындау (IPCR), сондай-ақ **400 зертхана қызметкерлеріне** ПЦР тесттерін қолдану мен биологиялық қауіпсіздік бойынша тренингтер өткізеді.



CACCR бағдарламасы **IPCR** бағалауы негізінде ауруханаларды **басқару жоспарларының 80% модернизациялауды** жеңілдетеді және **ұлттық төтенше жағдайларға дайындық және әрекет ету жоспарлары мен денсаулық сақтаудың ұлттық әрекет жоспарларын қайта қарау және модернизациялау** бойынша кәсіби кеңестер ұсынады.



ЕО қолданыстағы **ынтымақтастық бағдарламаларын** пайдаланудың **қосымша мүмкіндіктерін** үнемі іздеуде. Мәселен, Қазақстанның шекара мекемелері мен ел шекарасындағы мигранттарға жеке қорғаныс құралдарын ұсыну.



# Қазақстан Республикасында коронавируспен күресу бойынша ЕО жаһандық шаралары

**Экономикалық және әлеуметтік салдарды жұмсарту**  
*ЕО дағдарыстан кейін қалпына келтіру процесін қолдауды жалғастырады.*



Еуропалық Одақ ЕҚДБ, ЭЫДҰ, БҰҰ, ЕК және басқа да жобалар арқылы Қазақстанды аймақтық **серіктестік ретінде қолдау, тұрақты экономикалық өсуді ынталандыру және заң үстемдігін** арттыру бойынша серіктестермен жұмысты жалғастырады.



Еуропалық Одақ бәсекеге қабілеттілік пен сауданы жеңілдету, сондай-ақ ХСО және ЕИБ қолдауымен **шағын және орта бизнес пен инфрақұрылымдық жобаларды** дамыту үшін әртүрлі қаражат көздерінен қаржыландыру бойынша **саяси және техникалық қолдау көрсетеді**



ЕО ЮНЕСКО-мен бірігіп, Жібек жолы мәдени мұра дәлізі бағдарламасы арқылы **аймақтық туризмді дамытуға және жұмыс орындарын ашуға** жәрдемдесетін болады.



Еуропалық Одақ Дүниежүзілік банкпен, ОАӨЭЫ және БҰҰ апат қаупін төмендету басқармасымен бірлесіп **су, қоршаған орта, тұрақты энергия көздері және климаттың өзгеруі** саласында көмек көрсетуді жалғастырады.



ЕО ЮНИСЕФ пен БҰҰДБ көмегімен қоғамның ең осал мүшелерінің, оның ішінде **әйелдер, балалар, мигранттар мен олардың отбасыларының** қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған жобаларды қолдауды жалғастыруда.



ЕО Латвия Республикасының Шекара қызметі және БҰҰ Есірткі мен қылмыс жөніндегі басқармасы жүзеге асыратын **шекараны кешенді басқару, есірткі саясаты және зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын-алу** саласындағы жобаларды қолдауды жалғастырады.